

АКТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ОЙЫЛ АУДАНЫ
АКТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ



АКТИУБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
УИЛСКИЙ РАЙОН
ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ УИЛСКОГО
РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТИУБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, м/а «Көкжар» 56, тел:2-17-32
030900, Актюбинская область, Уилский район, с.Уил. ул. Кокжар, дом 56, тел: 2-17-32
e-mail:uil_raioo@mail.ru

2023 жылғы «25» сәуір
Ойыл с.

№ 368

«25» апрель 2023 года
с.Ойыл

**2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта
білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 сәйкес, Ақтөбе облысы білім басқармасының 2023 жылғы 16 сәуірдегі №173 бұйрығы негізінде, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының директорларына:

- 1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарындағы оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын.
 - 2) 9-сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін.
 - 3) 11-сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін.
 - 4) Қорытынды аттестаттау бекітілген мерзімге сәйкес уақытылы өткізілсін:
9-сынып оқушылары үшін:
 - 1) қазақ/орыс/ тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан. гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2023 жылғы 2 маусым;
 - 2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2023 жылғы 6 маусым;
 - 3) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2023 жылғы 9 маусым;
 - 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша) шет тілі (ағылшын/неміс), информатика) – 2023 жылғы 13 маусым;
- 11-сынып оқушылары үшін:
- 1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 5 маусым
 - 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 8 маусым;
 - 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2023 жылғы 12 маусым;